

1-сыныпқа арналған «Кел, балалар оқылық!» атты салтанатты жиын Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранымен басталды. Мерейлі мерекенің алғашқы құттықтау сөзі мектеп директоры Л.Б.Балмакановаға берілді. Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндер атынан ата-аналарыда өз кезегінде ақ батасын беріп, салмақты ойын айтып сөз сөйледі. Білім алушылар өлең жолдарымен көрермендерді өздеріне тәнті етіп, мектеп басшысының ізгі тілектерімен, салтанатты түрде «Әліппе» оқулықтары табысталды. Ауыл ақ сақалдары мен ақ орамалды әжелерінің баталарын алып, 1-сынып оқушысы Жексенбай Аружан сынғырлата алғашқы қоңырауды соғып, салтанатты жиын аяқталды.

Мектеп тәлімгері:

З.Сағынайқызы



Мамыт негізгі орта білім беретін мектебінде «Тіл-ұлттық белгі, халықтың мұра» атты 8-9 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты өтті. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» туралы мағұлматтар беріліп, оқушылардың ой-өрісі дамыды. «Туған тілім тірлігімнің айғағы» атты бөлімде білім алушылар өздері білетін ұлттық құндылығымыз туралы өлеңдерді жатқа мәнерлеп оқып, бір-бірінен кем түспеді. Тілге байланысты мақал-мәтелдерді жарыса айтқан оқушылар «Ана тілің арың бұл...» тақырыбында эссе құрап, өздеріне сыни көзқарас тұрғысынан саралады. Сабақты қорытындылау мақсатында оқушыларға тақырып бойынша өзекті сұрақтар қойылды. Үйге «Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра, дүниетаным құралы» тақырыбында ой-толғай жазуға берілді

Мектеп тәлімгері:

З.Сағынайқызы



20-қыркүйек күні «Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары негізінде «Барлық пәндер арқылы оқу» сабақ кестесіндегі барлық пәндер бойынша пән мұғалімдері сабақ жоспарларындағы тақырыптарын ғұлама адамдардың қанатты сөздерімен байланыстырды.



Соның ішінде, әдебиеттік оқу пәнінен 4 сыныпта «Туған жерге сағыныш» тақырыбында Жанкүшікова Ермек М.Әуезовтің «Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен үркер күшім жоқ,-деп ер қайратыңа мін дағы, өрге бас» қанатты сөздері мен «Туған ел – тұғырың, туған тіл - қыдырың» мақал-мәтелдерін тиімді пайдаланды.



5 сыныпта қазақ тілі пәнінің «Көп тіл білудің пайдасы» тақырыбын А.Құнанбайұлының «Бір тіл білсең-бір адамсың», Ғ.Мүсіреповтың «Тілден биік асқар жоқ, Тілден асқан байлық жоқ, Тілден терең теңіз жоқ» қанатты сөздерімен Бұхарбаева Жанаргүл жүйелі пайдаланды.



8 сыныпта қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі Муса Әлібек «1917ж. Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері» жоспарлы тақырыптағы сабағын Қорқыт ата мен А.Байтұрсынұлының ғұлама сөздерін кіріктіре өткізді.

Өткен күн, кеш- тарих,
Келер күн, ертең – сыр
Ал бүгінгі күн - сый

Қорқыт ата

Шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер

А.Байтұрсынұлы

7 сыныпта биология пәнінен «Адам экожүйенің бір бөлігі. Антропогендік фактор. Адам әрекеттерінің экожүйеге жағымсыз әсері» тақырыбында Оразбаева Сағыныш Ахмед Иүгінеки Капица Сергейдің өз артыран қалдырған ұлы сөздері арқылы сабақты жүйелі өрбітті.



1.Білімдар жөнді біліп «бекін» дейді,
Ақылмен іс істеген өкінбейді.
Білмеген талай жұмыс істей жүріп,
Амал жоқ түбінде сол опық жейді.

(Ахмет Иүгінеки)

2.Қарама - қайшылық қана ғылымның
дамуына ықпал етеді.

(Капица Сергей)

Қыркүйек айында «Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бұхарбаева Жанаргүл

пәндерді оқыту барысында іштен оқуға, мағыналық оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге уақыт бөлді. 5-7 сыныптарда өтіп жатқан тақырыптарға сәйкес тыңдалым, айтылым, оқылым, әдебиеттік нормаларға баса назар аударылып, оқушылардың еркімен сабақтан тыс уақытта да өз жалғасын тапты.

Қазақ тілі бойынша ережелер сұралып, грамматикалық тапсырмалар қосымша беріліп отырды. Оқыған көркем шығармаларын бірлесе талдап, мәтінмен жұмыс істеуге баса назар аударды.

Мектеп кітапханашысы:

Г.А.Шаймолдина



Қыркүйек айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде ана тілі, әдебиеттік оқу пәндерінен 1-2 класс оқушыларында Қуандықова Мөлдір, Тортаева Салтанат 5 минут дауыстап оқуға уақыт бөлді. Оқушылардың сабаққа ынта-зейінін ашып, кітап мен мәтінмен жұмыс істеуге көңіл бөліп, білім алушылардың оқуға құштарлығын ашуға жұмыстанды.

Мектеп кітапханашысы:

Г.А.Шаймолдина



Қыркүйек айында А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай виртуалды кітап көрмесі өткізілді. Кітап көрмесінде арнайы дайындалған виртуалды кітаптар көрмесі, буклеттер мен оқушылар әзірлеген суреттер жинағы көрсетілді.

Виртуалды кітап көрмесінде А.Байтұрсыновтың өмір жолына тоқталып, тың шығармалары көрсетілген кітаптары, қазақ тіліне қосқан үлесі жарық көрген шығармаларын арқау еткен кітаптары жинақталған. Ұлт ұстазының шығармашылығы мен еңбек жолына баса назар аударылып буклет оқырмандар назарына ұсынылды. 5-6 сынып оқушылары А.Байтұрсыновтың шығармашылығынан оқыған мысалдары негізінде бейнелі суреттер салып, басқа білім алушыларға түсіндірді.

Кітапханашы:

Г.А.Шаймолдина

